

Тхоньил

Корей халық ассамблеясы

- Атыраудың күн сайын жаңарып, жасарып, өркендеп келе жатқанына облыс тұрғындары ғана емес, шетелдіктер де тәнті

Қазақстан корейлері
ассоциациясының президенті
Роман Ким

Өткен жылғы Атырауды биылғымен салыстыруға мүлдем келмейді. Жергілікті тұрғындарға байқала бермейтін шығар, ал біздер экономикасы жылдам өсіп келе жатқан осындай өңірге қызыға қараймыз. Өйткені, бұл аймақ экономикасы да, әлеуеті де қарыштап дамуымен өзгелерге үлгі тұтарлық облыс. Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жәй ғана мерекелеп қоятын дата емес, бұл бір мемлекеттің өткенге шолу жасайтын, қорытынды шығаратын сындарлы сәті.

Біздің аймақ өзге өңірлерден оқ бойы оза шығып, алыс-жақын шетелдіктердің қызығушылығын туғызып отырған мекен. Оның айғағы – экономикамызды өрістету мақсатында облыс аумағында жұмыс жасап жатқан сан алуан шетелдік компаниялар ерекше маңызға ие жобаларды жүзеге асырып, кешендер салуда. Біз әлем елдері алдында үлкен беделге ие бірнеше мемлекетпен ортақ мәмілеге келіп, бейбіт қарым-қатынас қалыптастырдық.

Корей Республикасының
Қазақстандағы елшілігінің консулы
Квон Донсок

Жерұйық

- Облыс әкімінің бірінші орынбасары Болат Дәукенов бейресмилікке көшіп, Қазақстан мен Корей мемлекеттері бірігіп өмірге әкелген «Жерұйық» фильмі

- Корей «Тхоньил» этномәдени бірлестігі жеке серіктес ретінде жылыжай жүйесі бойынша қызмет етіп, халықты жеміс-жидекпен қамтамасыз етті.
- Міне осыған дәлел: **Жақында Атыраудағы корей диаспорасы өздерінің ұлттық мерекесі Чусокты тойлады. Бұл - ежелден келе жатқан отбасылық мереке. Онда адамдар жақсы егін орағы үшін ата-бабаларына тағзым етеді. Чусок – кәрістер үшін шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жылды тойлаудан кейінгі маңыздылығы жағынан екінші мейрам. Бір айта кетер жайт, «Тхоньил» атыраулық корейлердің этно-мәдени орталығы бұл күнді бірінші рет осылай дүбірлетіп тойлап отыр.**

- Біз тек жергілікті кәрістерді ғана емес, сондай-ақ, Оңтүстік Кореядан Атырауға іссапармен келген қандастарымызды да шақырдық, -деді **«Тхоньил» этно-мәдени орталығының төраға орынбасары Людмила ЛИ.** – Депортацияланған корейлер ата-бабаларының мәдениеті мен дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеді, алайда жергілікті жердің әсерлері де жоқ емес. Оңтүстік Кореядан келген бауырларымызбен этникалық отанымызда Чусоктың қалай атап өтілетіні туралы әңгімелесу өте қызықты. Сонымен қатар үйінен жырақта жүрген қонақтарымызға достардың жылы ықыласын сезінген жағымды